

Қарғалы ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 5 наурызда N 3-6-48 болып тіркелген аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 ақпандағы N 2 "Аудан тұрғындарына коммуналдық қызметтерді (орталықтандырылған және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылышту, ыссы және салқын сумен жабдықтау, байланыс қызметтері (абоненттік төлем), қоқыс шығару, кәріз және ас дайындау көгілдір отына) тұтыну шығындарын өтеу үшін тұрғын үй көмегін беру тәртібі жөнінде Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 32 шешімі. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2008 жылдың 8 қаңтарда N 3-6-55 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 23 ақпандағы № 192 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихаттың 2010.02.23 № 192 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-1 «Тұрғын үй қатынастары туралы» 97 бабының, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 – II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабының негізінде, аудан тұрғындарын әлеуметтік қорғау және қолдау мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Коммуналдық қызметтерді тұтыну үшін шығындарды өтеу үшін тұрғын үй көмегін беру тәртібі жөнінде Ереженің атауына «сумен жабдықтау» сөздерінің соңына «электрмен жабдықтау» сөздері енгізілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген «Аудан тұрғындарына коммуналдық қызметтерді (орталықтандырылған және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылышту, ыссы және салқын сумен жабдықтау, байланыс қызметтері (абоненттік төлем), қоқыс шығару, кәріз және ас дайындау көгілдір отына) тұтыну шығындарын өтеу үшін тұрғын үй көмегін беру тәртібі жөнінде» Ережесіне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 тармақ жаңа редакцияда былай мазмұндалсын:

1 қазаннан бастап 30 сәуірді қоса алғандағы алатын тұрғын үй алаңының орнына және отбасы табысы жиынтығына қарамастан орталықтандырылған жылышту және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылышту, ас дайындау көгілдір отына, салқын және ыссы сумен жабдықтау, кәріз, қоқыс шығару,

электрмен жабдықтау және байланыс қызметтерін (абоненттік төлем), тұтыну шығындары толығымен өтелетін 1,2,3 топ мүгедектері бар отбасыларды, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек балалары бар отбасыларды қоспағанда, тұрғын үй көмегі, меншік нысанына қарамастан, нысаналы топтың құрамына кіретін тұлғаларға, сондай – ақ Қарғалы ауданының тұрақты тұрғындарына және меншік иесі не тұрғын үй пайдаланушысы болып табылатын жеке тұлғаларға мына жағдайда тағайындалады, егер коммуналдық қызметтерді тұтыну шығыны (орталықтандырылған жылыту және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылыту, ыссы және салқын сумен жабдықтау, байланыс қызметтері (абоненттік төлем), қоқыс шығару, көріз, электрмен жабдықтау және төмендетілген және табиғи көгілдір отын) жыл сайынғы белгіленген тарифтермен 1 қазаннан бастап 30 сәуірді қоса алғандағы тұрғын үй алаңының шамасы шегінде отбасы табысы жиынтығынан 2 % асып кетсе;

1-2-3 топ мүгедектері бар, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедек балалары бар отбасыларға, жетім балаларды асырап алушы отбасыларға, төрт немесе одан да көп бірге жасайтын кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға, Чернобыль АЭС – індегі апатты жоюға қатысқандардың отбасыларына, ауданың ауылдық жерлерінде тұратын және орталықтандырылған жылыту және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылытуы жоқ қаза болған жауынгерлердің отбасыларына алынған отынның айлық есеп көрсеткішінің он есе мөлшеріндегі құны біржолғы төлем түрінде болған тұрғын үй көмегі көрсетіледі.

2) 2 тармақ жаңа редакцияда былай мазмұндалсын:

Тұрғын үй көмегі нақты ақшалай түрінде емес, коммуналдық қызметтерді (орталықтандырылған жылыту және жекешелендірілген көгілдір отынмен жылыту, ыссы және салқын сумен жабдықтау, қоқыс шығару, көріз, электрмен жабдықтау, байланыс қызметтері (абоненттік төлем) және төмендетілген және табиғи көгілдір отын) тұтыну төлемдерін кемейту түрінде беріледі.

Коммуналдық қызметтерді төлеуге жеңілдіктері бар және сонымен қатар тұрғын үй көмегін де алуға құқылы тұлғаларға әлеуметтік қорғау түрінің біреуін тандауга мүмкіншілік беріледі.

3) 3 тармақ алып тасталсын;

4) 6 тармақта:

бірінші қайырмадағы «тұрғын үй көмегі» деген сөздер «қамқорлыққа алушының (қамқоршылардың) кірісі» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші қайырмадағы «алименттер» деген сөздер «өз бетінше жұмыс істейтін тұрғындардың кірісі жазбаша өтініштермен расталады» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7 тармақ

3.1, 3.4 тармақшалары алып тасталсын;

3.5 тармақшасы жаңа редакцияда былай деп мазмұндалсын:

тұрғын үй ғимараттарын жылдыту үшін (1 қазаннан бастап 30 сөуірді қоса алғанда) – 1 кв. м жылдыту алаңына 10 куб. м.

төмендегідей мазмұндағы 3.6 тармақшасымен толықтырылсын:

бір айдың ішіндегі бір плитаға кеткен төмендетілген көгілдір отынның шығыны – 13 кг.

6) 8 тармақтағы «жеке меншіктер» деген сөздерден кейінгі «немесе» жалғаулығы «және» жалғаулығымен ауыстырылсын.

7) 14 бап жаңа редакцияда былай мазмұндалсын:

Тұрғын үй көмегін көрсету қызметі көрсетілген көмектің сомасы көрсетілген пәтерлердің негізгі (жалдаушы) меншік иелерінің тізімдерін жасайды, бұл тізімдер ай сайын «Қарғалы аудандық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушы транспоттары және автокөлік жолдары» ММ, Қарғалы газ шаруашылығы бөлімі «Ақтөбе газ шаруашылығы басқармасы» ЖШС, Қарғалы электрлік жүйелер участкесі «Энергожүйе» ЖШС, Қарғалы телекоммуникация торабы «Қазақтелеком» АҮ, «Қазпошта» АҮ жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Бадамша - Сервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне беріледі.

8) 15 тармақта

«Қазақтелеком» АҚ сөздерінен кейін «Қазпошта» АҚ деген сөздермен толықтырылсын;

«берілген» деген сөздердің сонындағы «өтініштер» деген сөз «тізімдер» деген сөздермен ауыстырылсын.

9) төмендегідей мазмұндағы 19 тармақпен толықтырылсын:

Объективті себептермен өз уақытында алынбаған тұрғын үй көмегінің сомасы өткен кезең үшін мерзімі шектеусіз төленеді.

3. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 25 шілдедегі № 2 “Қарғалы ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 5 наурызда № 3-6-48 болып тіркелген аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 ақпандағы №2 «Аудан тұрғындарына коммуналдық қызметтерді (орталықтандырылған және жекешелендірілген газбен жылдыту, ыссы және салқын сумен жабдықтау, байланыс қызметтері (абоненттік төлем), қоқыс шығару, көріз және ас дайындау көгілдір отына) тұтыну шығындарын өтеу үшін тұрғын үй көмегін беру тәртібі жөнінде ережені бекіту туралы” шешіміне өзгерістер енгізу туралы” шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми түрде жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн откеннен кейін қолданысқа енеді.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің міндетіне жүктелсін.

3.Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелсін.

<i>Аудандық мәслихат</i>	<i>Аудандық мәслихат</i>
<i>сессиясының төрағасы:</i>	<i>хатшысы:</i>
<i>C. Алмагамбетов</i>	<i>Ж. Құлманов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК